

Өзара ынтымақтастық туралы МЕМОРАНДУМ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, директордың м.а. Шер Раиса Петровна тұлғасында бірінші тараптан және ««Кемеңгер» қосымша білім берудің оқу-ақпараттық орталығы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестік, директор Кахаев Болат Джумадиллаевич тұлғасында екінші тараптан, әрі қарай «Тараптар» деп аталып, аталмыш өзара ынтымақтастық туралы Меморандум жасалды.

Қос тарап та, тұлғаның шығармашылық құзыреттілікте, үзіліссіз білім беру және тәрбиелеуде, кәсіби өзін өзі анықтауда бәсекелестік қабілеттерін қалыптастыру мақсатында, көркем-эстетикалық, ғылыми-техникалық, экология-биологиялық, туристік-өлкетану, әскери-патриоттық, әлеуметтік-педагогикалық, оқу-сауықтыру бағытындағы балаларға арналған қосымша білім беруді дамыту саласында ынтымақтастық қатынасты орнатуда мүдделі екендіктерін ескере отырып, оны қолдауға және дамытуға әрекет жасауда ортақ ықыласын көрсетіп, төмендегі келісімге келді:

- бірлескен оқыту семинарларын, қосымша білім беру саласында мамандардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу;
- кәсіби байқаулар мен жарыстар, балалар мен үлкендерге арналған қосымша білім беру жүйесін дамыту мәселелері бойынша ғылыми-тәжірибелік конференциялар ұйымдастыру және өткізу;
- қосымша білім беру бағытында білім беру оқу бағдарламаларын, әдістемелік ұсынымдар, оқу құралдарын әзірлеу;
- қосымша білім беру және тәрбиелеуді дамытумен байланысты ақпаратпен, бағдарламалармен және тағы басқа материалдармен алмасуды жүзеге асыру;
- өзара мүдделі тақырыптар бойынша кеңес беру;
- қосымша білім беру саласындағы конференцияларды, дөңгелек үстелдерді, семинарларды және басқа іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге Тараптар өкілдерін тарту арқылы қатысу;
- қосымша білім беру жүйесінің ғылыми-зерттеулік, оқу-әдістемелік, ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
- қазақ тілінен орыс тіліне, орыс тілінен қазақ тіліне аударымдарды жүзеге асыру.

Тараптар осы Меморандум ережелеріне қатысты мәселелер бойынша кез-келген тараптың сұранысы бойынша кеңес беруді жүргізеді.

Осы Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде ресімделеді, Тараптардың өкілетті тұлғалары қол қояды және осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы Меморандум оған қос Тарап та қол қойған соң күшіне енеді және оны қос Тарап та келісім бойынша немесе бір Тараптың екінші

Тарапты кем дегенде 30 күн бұрын ескерте отырып, өз қалауы бойынша жойғанға дейін әрекет етеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК мен «Кемеңгер» қосымша білім берудің оқу-ақпараттық орталығы» ЖШС өздеріне жоғарыда аталған, балалардың қосымша білім беру жүйесін дамыту саласында өнімді ынтымақтастық бойынша, өзара тиімді іскерлік әріптестік міндеттемелерін алуын растайды.

Осы Меморандум қазақ және орыс тілдерінде 2015 жылғы 18 наурызда Астана қаласында екі данада әзірленген, олар бірдей заңдық күшке ие, әр Тарапқа бір-бірден беріледі.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
«Республикалық қосымша
білім беру оқу-әдістемелік
орталығы» РМҚК

«Кемеңгер» қосымша білім
берудің оқу-ақпараттық
орталығы» ЖШС


Р. Шер
«18» наурыз 2015 жыл



Б. Кахаев
«18» наурыз 2015 жыл
